

**Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің
12.10.2022 жылғы жалпы отырысының
стенограммасынан үзінді көшірме
Отырысты Қазақстан Республикасы Парламенті
Мәжілісінің Төрағасы Е. ҚОШАНОВ жүргізді.**

**Выписка из стенограммы пленарного заседания
Мажилиса Парламента Республики Казахстан
от 12.10.2022 года
Вел заседание Председатель
Мажилиса Парламента Республики Казахстан
Е. КОШАНОВ.**

ТӨРАҒА. Келесі он бірінші және он екінші мәселелерді бірге қараймыз. «Геодезия, картография және кеңістіктік деректер туралы» (екінші оқылым) негізгі және оған ілеспе заң жобалары жөнінде.

Сөз Халықаралық істер, қорғаныс және қауіпсіздік комитетінің мүшесі депутат Ержан Құдайберген Төлепұлына беріледі.

ЕРЖАН Қ.Т. Рақмет, құрметті Ерлан Жақанұлы.

Құрметті әріптестер! Заң жобалары 2022 жылғы 22 маусымда бірінші оқылымда мақұлданды.

Негізгі заң жобасының басты міндеті – Қазақстан Республикасын дәлдігі жоғары геодезиялық координаттар жүйесімен қамтамасыз ету және оның негізінде елдің бірыңғай цифрлық картографиялық негізін жасау.

Негізгі заң жобасында геодезия және картография саласын жетілдіруге бағытталған нормалар көзделеді, олардың қабылдануы геодезиялық және картографиялық қызметті дамытуға, халыққа (жер қатынастары, сәулет, құрылыс, табиғат пайдалану және қоршаған ортаны қорғау, геология, тұрғын үй-коммуналдық және ауыл шаруашылығы саласында) көрсетілетін қызметтердің жеделдігі мен сапасын арттыруға оң әсерін тигізеді.

Ілеспе заң жобасы негізгі заң жобасында көзделген нормаларды қолданыстағы заңнамамен сәйкестендіру, сондай-ақ олқылықтар мен коллизияларды жою мақсатында әзірленді.

Ілеспе заң жобасында алты кодекске және он заңға өзгерістер мен толықтырулар енгізу көзделеді.

Заң жобаларымен жұмыс істеу барысында депутаттар:

ұғымдық аппаратты жаңа анықтамалармен толықтыруға;

уәкілетті органның құзыретін нақтылауға, геодезиялық пункттердің сақталуын қамтамасыз етуге, геодезиялық және картографиялық қызмет субъектілері мен Ұлттық кеңістіктік деректер қоры арасындағы жауапкершіліктің аражігін ажыратуға бағытталған түзетулер енгізді.

Геодезиялық және картографиялық қызметті жүзеге асыру қағидаттары, мемлекеттік бақылауды жүргізу тәртібі нақтыланды. Заң жобаларының

жекелеген нормаларын қолданысқа енгізу мерзімдері белгіленді, сондай-ақ бизнес субъектілеріне жерге ғарыштан ғана емес, әуе кеңістігінен де қашықтан зондтау жүргізуге мүмкіндік берілді.

Сондай-ақ депутаттар редакциялық сипаттағы түзетулер және нормаларды заң техникасына сәйкес келтіруге бағытталған, заң жобасының мазмұнын сапалы түрде жақсартқан өзгерістер енгізді.

Парламент Мәжілісінің барлық комитеттері заң жобалары бойынша оң қорытындыларын берді.

Заң жобалары бойынша жұмыс тобының он алты отырысы, жұмыс кеңестері, таныстырылым өткізілді. Қабылданбаған позициялар жоқ.

Жоғарыда айтылғандардың негізінде осы заң жобаларын екінші оқылымда мақұлдап, оларды Парламент Сенатының қарауына жіберуді сұраймын.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет, Құдайберген Төлепұлы.

Әріптестер, бас комитеттен осы заң жобаларын екінші оқылымда мақұлдау жөнінде ұсыныс түсті. Осы ұсыныстар мен қаулыларды жеке-жеке дауыс беру арқылы қабылдауды ұсынамын. Қарсылықтарыңыз жоқ болса, бірінші кезекте «Геодезия, картография және кеңістіктік деректер туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасын екінші оқылымда мақұлдау жөніндегі ұсыныс дауысқа қойылады.

Нәтижесін экранға беріңіздер. «Қатысып отырғандар» – 94, «жақтағандар» – 93, «қарсылар» – 1.

Қаулының жобасы сіздерде бар, сол бойынша дауыс берулеріңізді сұраймын.

Нәтижесін экранға беріңіздер. «Қатысып отырғандар» – 93, «дауыс бермегендер» – 1, «жақтағандар» – 91, «қарсылар» – 1. Қаулы қабылданды.

Келесі кезекте «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне геодезия, картография және кеңістіктік деректер мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасын екінші оқылымда мақұлдау жөніндегі ұсыныс дауысқа қойылады. Дауыс берулеріңізді сұраймын.

Нәтижесін экранға беріңіздер. «Қатысып отырғандар» – 94, «жақтағандар» – 93, «қарсылар» – 1. Шешім қабылданды.

Қаулының жобасы сіздерде бар, сол бойынша дауыс берейік.

Нәтижесін экранға беріңіздер. «Қатысып отырғандар» – 92, «жақтағандар» – 92. Қаулы қабылданды.



*Дүрсіз: Құжаттамамен қамтамасыз ету
Бөлімінің сектор меңгерушісі
Майя Н. Шайынбаев*